

- 11 Bassnett S., Lefevere A. Constructing cultures: Essays on literary translation. – Multilingual Matters, 1998. – Т. 11.
- 12 Said E. Orientalism pantheon books //New York. – 1978.
- 13 Spivak G. C. Can the subaltern speak? //Imperialism. – Routledge, 2023. – С. 171-219.
- 14 Lefevere A., Bassnett S. Constructing Cultures. – Multilingual Matters, 1998.
- 15 Damrosch D. World literature, national contexts //Modern Philology. – 2003. – Т. 100. – №. 4. – С. 512-531.

Материал поступил в редакцию журнала 01.07.2025

МҒТАР 17.81.29

DOI: [10.59102/kufil/2025/iss3pp192-206](https://doi.org/10.59102/kufil/2025/iss3pp192-206)

**Ж.Ж. Аубакирова<sup>1</sup>, С.Б. Жұмағұл<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, 010000, Қазақстан

### **ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТАТАР ӘДЕБИ БАЙЛАНЫСТАРЫ: БҮРКІТ ЫСҚАҚҰЛЫНЫҢ ЗЕРТТЕУЛЕРІ НЕГІЗІНДЕ**

*Ешқандай елдің әдебиеті өзімен-өзі, қоғамнан тыс, одан бөлек тұмайтыны, дамымайтыны белгілі. Кез келген елдің әдебиеті оның мәдениетімен, тұрмыс-тіршілігімен, тарихи кезеңдегі оқиғалармен байланысып, дамып, үндесіп отырады. Осы ретте қазақ әдебиетінің ежелден көршілес татар әдебиетімен байланысын, үндестігін танытуда ғалым Бүркіт Ысқақұлының ғылыми ойлары өте маңызды. Бұл мақалада әдебиеттанушы ғалым Б.Ысқақұлының қазақ пен татар елдерінің әдеби байланысына қатысты ғылыми ойлары қарастырылды.*

*Мақаланың мақсаты – Б.Ысқақұлының қазақ пен татар әдеби байланыстарына қатысты айтқан ғылыми ойларын ұлттық әдебиеттану деңгейінде орнын анықтау. Әдебиеттанушы ғалым екі ел арасындағы тарихи, мәдени әрі әдеби үндестікті атап қана көрсетпей, олардың өзара ықпал-әсерін ғылыми тұрғыда дәлелдей білді. Мақалада әдебиеттанушы ғалым Б.Ысқақұлының қазақ пен татар әдебиетінің байланысына қатысты құнды ойлары, маңызды еңбектері қарастырылған. Ғалым зерттеулері арқылы біз екі ел арасындағы тарихи, мәдени, әдеби үндестікке бойлап, ұлттар арасындағы рухани байланыс арналарын тереңірек бағамдауға мүмкіндік аламыз.*

*Бүркіт Ысқақұлының ғылыми зерттеу жұмыстарына шолу жасалып, оларды талдау, оны саралау, берілген ойларды жинақтау барысында әдебиеттанудағы құндылығына көз жеткіземіз. Зерттеу барысында жүйелі талдау, салыстырмалы талдау, саралау, жинақтау әдістері пайдаланылды.*

*Зерттеу жұмысының нәтижесі ретінде қазақ пен татар әдебиеті арасындағы байланыстың нақты мысалдары, ғылыми деректері, дәйектері ұсынылды. Аса күрделі тақырыпты саралаудағы ғылыми қағидаттары, зерттеу әдістері айқындалды.*

*Кілт сөздер: әдебиеттану, Бүркіт Ысқақұлы, қазақ пен татар әдебиеті, Еділ бойы қазақтары, әдеби үндестік.*

### **НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР**

Қазақ пен татар халықтары ежелден көршілес орналасқан, ортақ тарихи және мәдени дамуға негізделген байланыстарға ие. Екі халықтың арасындағы өзара қарым-қатынас ғасырлар бойы жалғасып, мәдениет пен әдебиеттің қалыптасуына ықпал етті. Бұл байланыстар әсіресе фольклор, жазба әдебиет, ағартушылық дәстүрлер және ұлттық идеялардың қалыптасуында көрініс тапты. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ пен татар әдеби байланыстарын

зерттеу – екі халықтың тарихи сабақтастығын түсінуге мүмкіндік беретін маңызды бағыттардың бірі.

Қазақ және татар әдебиеттерінің өзара ықпалдастығы мәселесін зерттеуге ерекше үлес қосқан ғалымдардың бірі – Бүркіт Ысқақұлы. Ол өз еңбектерінде екі халықтың әдеби байланыстарын, олардың идеялық, тақырыптық және көркемдік үндестіктерін талдап, қазақ және татар әдебиеттерінің өзара байланысын тұжырымдаған. Бұл зерттеу мақаласы Бүркіт Ысқақұлының қазақ және татар әдебиетіндегі көркемдік, тарихи және идеялық ұқсастықтарды зерттеуіне арналады.

Екі халықтың ортақ мәдени кеңістігі әсіресе фольклорлық мұраларда, эпостық жырларда және ауыз әдебиеті үлгілерінде көрініс тапты. Қазақ пен татар халықтарының әдеби дамуы ұқсас тарихи процестерден өткендіктен, олардың әдеби шығармаларында ортақ мотивтер, тарихи тақырыптар, кейіпкер бейнелері мен ұлттық құндылықтарға негізделген идеялар жиі кездеседі. Бұл әдеби үндестікті зерттеу арқылы екі халықтың мәдени және рухани байланыстарының тереңдігін түсінуге болады.

Бүркіт Ысқақұлының зерттеулерінің бір ерекшелігі – қазақ пен татар әдебиетінің өзара әсерін кең ауқымда қарастыруы. Ғалым екі әдебиеттің өзара байланыстарын қарастыруда компаративистикалық әдісті қолданған. Ол қазақ және татар әдебиетіндегі ортақ көркемдік әдістерді, сюжеттік желілерді, тарихи шындықтың көркем бейнеленуін салыстыра отырып, олардың әдеби дамуына ықпал еткен факторларды анықтаған.

Осы зерттеу аясында Бүркіт Ысқақұлының қазақ және татар әдеби байланыстарын қарастырудағы көзқарастары талданды. Сонымен қатар, оның әдебиеттану ғылымына қосқан үлесі сараланып, қазақ және татар әдебиетіндегі тақырыптық, мазмұндық және идеялық үндестіктер айқындалды. Бұл бағытта қазақ әдебиетінің негізгі өкілдерімен қатар, татар әдебиетінің зерттеушілері де еңбек еткен. Бұл тақырыпты татар әдебиетінің Ганиева [1], Гайнуллин [2], Миннегулов [3] сынды өкілдері де сөз еткен болатын. Олардың зерттеулері қазақ және татар әдебиеттерінің тарихи сабақтастығын айқындап, әдеби ықпалдастық мәселелерін талдауда маңызды теориялық негіз қалыптастырды.

Бұл зерттеу мақаласы Бүркіт Ысқақұлының ғылыми тұжырымдарын қазіргі әдебиеттану идеяларымен салыстыра отырып, оның қазақ және татар әдебиетін зерттеуге қосқан үлесін жан-жақты талдауды мақсат етеді. Сондай-ақ, қазақ және татар әдебиеттерінің тарихи-мәдени байланыстарының дамуын түсіндіруге негіз болатын компаративистикалық зерттеулердің маңыздылығын көрсетеді.

Әдеби байланыстар туралы сөз қозғамас бұрын, бұл ұғымның мағынасын тереңірек ашу қажет. Көп жылдар бойы кеңестік кезеңдегі зерттеулерде бұл ұғым, негізінен, социалистік идеология тұрғысынан қарастырылып, ынтымақтастық пен туыстық байланыстарды дәріптеудің құралы ретінде пайдаланылды. Әдеби байланыстарды зерттеу арқылы халықтар арасындағы достықты насихаттау, олардың тарихи ортақтастығын негіздеу басты мақсат болды. Осыған байланысты, әдеби байланыс ұғымының әдеби-теориялық қырынан гөрі саяси реңкі басым болды. Дегенмен, бұл көзқарастың аясында да ұлттық әдебиеттердің өзара ықпалдастығы мен мәдени байланыстарын кәсіби тұрғыдан талдауға мүмкіндік жасалғанын ескеру қажет.

Әдеби байланыс терминін ғылыми тұрғыдан түсіндіруде академик З. Ахметовтің жетекшілігімен жазылған «Әдебиеттану. Терминдер сөздігінде» келесідей түсініктеме ұсынылған: «*Әдеби байланыстар – ұлттық әдебиеттер арасындағы көркемдік дәстүрлер жалғастығы, ықпалдастығы. Әдеби байланыс нышандары жазушының қалыптасқан әдеби дәстүрлерге табан тіреуінің нәтижесінен, сондай-ақ тамырлас әдебиеттер арасындағы типологиялық ұқсастықтан туындайды*» [4, 62]. Аталған түсініктеме әдеби байланыстардың тек шығармашылық ықпалдастықпен шектелмейтінін, сонымен қатар тарихи, мәдени және стильдік дәстүрлердің сабақтастығын да қамтитынын көрсетеді. Сондай-ақ, бұл тұжырым әдебиетті зерттеуде салыстырмалы-тарихи әдістерді қолданудың маңыздылығын айқындайды.

Әдеби қарым-қатынастың формалары алуан түрлі және күрделі. Оған *аударма, үлгі алу (взаимствование), еліктеу (подражание), стильдік бейімдеу (стилизация), образдық аналогиялар (образные аналогии)* және басқа да шығармашылық тәсілдер жатады. Бұл байланыстар ұлттық әдебиеттердің өзіндік ерекшеліктерін сақтай отырып, бір-бірімен тығыз ықпалдасуына мүмкіндік береді. Алайда, әдеби ықпалдастықтың ең белсенді әрі нәтижелі түрі – шығармашылық әсер ету немесе ықпал-әсер (влияние) құбылысы болып табылады. Белгілі бір әдеби мектептердің, стильдік бағыттардың қалыптасуына көрші әдебиеттердің ықпалы зор болғаны тарихи мысалдармен дәлелденген.

Осылайша, әдеби байланыстарды зерттеу ұлттық әдебиеттердің даму үдерісін кең ауқымда қарастыруға, олардың бір-бірімен тарихи, мәдени және эстетикалық тұрғыдан қалай өзара ықпалдасқанын анықтауға мүмкіндік береді. Бұл зерттеу ұлттық әдебиеттердің өзіндік ерекшеліктерін айқындап қана қоймай, олардың әлемдік әдеби кеңістіктегі орнын да белгілеуге ықпал етеді.

## КІРІСПЕ

Көрнекті ақын, ғалымның әдеби және ғылыми мұрасы бүгінгі таңға дейін қазақ әдебиеттану мен тарих ғылымында С.Қирабаев, С.Негимов, Ж.Өмірбеков, О.Құдышұлы, М.Құл-Мұхаммед, А.Тасымбеков, Д.Қамзабекұлы, А.Тасымбеков, М.Әскеев, М.Темірұлы, Ж.Қалиұлы, Н.Бейсенбекова, С.Жанысбай, Ж.Өмірбек, А.Сәулебектегі, Ш.Күмісбайұлы, Е.Тоқтарбай, А.Үмбетова, Ә.Жағыпар сынды ғалымдардың ғылыми-танымдық, ғылыми-зерттеу мақалалары мен зерттеу еңбектерінде сөз етілді.

Б.Ысқақұлының өмірі мен шығармашылығын зерттеуге арналған еңбектердің ішінде 2009 жылы қорғалған Үмбетова Алмагүлдің «Бүркіт Ысқақовтың шығармашылық мұрасы» [5] атты кандидаттық диссертациясы мен Жағыпар Әділеттің құрастырған «Бүркіт Ысқақұлы: тарихи-биографиялық басылымын» [6] ерекше атап өту керек. Алмагүл Үмбетова өзінің кандидаттық диссертациясында ғалым қаламгердің шығармашылық мұрасының көркемдік ерекшелігін, өзіндік даралығын, Алаш қайраткерлерімен рухани үндестігін, балалар әдебиетіне арнаған шығармашылығының көркемдік-эстетикалық сипатын атап өтеді. Сонымен қатар Б.Ысқақұлының әдебиет тарихына, оның маңызды саласы көркем сынына қатысты эстетикалық ойларын да тұжырымдайды, жанаша көзқарас тұрғысынан баға береді. Б.Ысқақұлының өмірі, шығармашылығы тұңғыш рет ғылыми тұрғыда зерттеледі, ақын өлеңдерінің идеялық-көркемдік ерекшеліктері, өзіне тән даралығы, саяси ұстанымы, қайраткерлік тұлғасы талданды. Ақынның Алаш қайраткерлерімен рухани үндестікте болуы, ортақ мүдде мен мақсат ұстануы жан-жақта зерттелді.

Тарихшы ғалым Жағыпар Әділеттің Бүркіт Ысқақұлының 100 жылдығына арналған тарихи-биографиялық басылымында ақын, ғалым Бүркіт Ысқақұлының қайраткерлік тұлғасы мен шығармашылық қызметі жан-жақты талданады. Еңбекте тұлға өміріне қатысты тың архив құжаттар мен мемуарлар, ақын шығармашылығы туралы ізденістер арнайы жинақ ретінде топтастырылып ұсынылды.

Аталмыш жинақта тұлғаның жүріп өткен жолы мынадай кезеңдерге бөлінген:

- 1) 1924-1937 жылдары – ата-ана тәрбиесі мен білім жолы;
- 2) 1938-1951 жылдары – қайраткерлік жолының қалыптасуы;
- 3) 1951-1956 жылдары – түрмедегі өмірі;
- 4) 1956-1969 жылдары – баспасөз қызметі;
- 5) 1969-1991 жылдары – ғылымдағы жетістіктері мен өмірінің соңы [6, 10].

Қазақ әдебиеттану ғылымында Бүркіттану ілімінің қалыптасуына, оның дамуына аталмыш зерттеу жұмыстарының қосқан үлесі оразан зор деп есептейміз.

Әдебиеттанушы ғалым Б.Ысқақұлы жиырмамыншы ғасырдың 50-90 жылдар аралығында әдебиеттану ғылымына белсенді түрде араласты. Қазақ әдебиетінің түркі тілдес елдермен байланысын, олардың әдебиеттану ғылымының қалыптасуына қосқан үлесі жайлы бірқатар еңбектер жазды. Атап айтқанда, қазақ пен өзбек елдерінің әдебиеті туралы «Ұмытылмас бір

апта», қазақ пен татар елдерінің әдебиеті туралы «Егіз жырлар», «Қазақ және Еділ бойы халықтары әдебиеттерінің идеялық-творчестволық байланыстары» [7], «Қазақ-татар әдеби байланысы» [8], қазақ пен тәжік елдерінің әдебиеті бойынша «Татулық тамыры тереңде» атты ғылыми зерттеу жұмыстары.

Ғалымның қазақ және татар әдебиетін салыстырмалы тұрғыда зерттеуінің маңыздылығы оның екі халықтың тарихи және рухани сабақтастығын әдеби кеңістікте қарастыруында жатыр. Бүркіт Ысқақұлы қазақ және татар әдебиеттерін жеке ұлттық құбылыс ретінде ғана емес, ортақ түркілік дәстүрдің ажырамас бөлігі ретінде талдады. Оның еңбектері екі халықтың әдебиетінде кездесетін ортақ идеяларды, сюжеттік желілерді, тарихи шындықтың көркем бейнеленуін айқындауға бағытталған. Бұл ғылыми көзқарас оның ғылыми жұмысының негізіне айналды.

Ғалым осы аталған елдердің ішінде әсіресе қазақ пен татар әдебиетіне қатысты көп ізденді. Кейін бұл тақырып ғалымның докторлық диссертация тақырыбына айналды. Қазақ және татар әдебиеттері арасындағы ықпалдастықтың айқын көріністері халық ауыз әдебиеті үлгілерінде, тарихи жырларда және әдеби шығармаларда көрінеді. Қазақ эпостарында кездесетін тақырыптар татар жырауларының туындыларында да айқын байқалады. Екі халықтың фольклорында ұлттық болмыс пен тарихи жады ерекше орын алады, ал Бүркіт Ысқақұлы осы мәдени сабақтастықты жүйелі түрде зерттеп, әдебиеттану ғылымына жаңа бағыттар енгізді. Оның зерттеулері қазақ және татар әдебиеттерінің арасындағы көпқырлы байланыстарды айқындап, олардың өзара дамуына әсер еткен негізгі факторларды анықтады.

Біз бұл зерттеу мақаламызда Бүркіт Ысқақұлының әдебиет тарихының дамуына қосқан үлесін бүгінгі заман талабымен ұштастыру, әдебиеттану ғылымындағы пікірлермен салыстыру, ғалымның айтқан ой-пікірлерін дәлелдеуді мақсат етіп отырмыз. Зерттеу мақаламыз қазақ әдебиеті мен татар әдебиетінің әдеби, рухани, мәдени үндестігін айқындауға септігін тигізері анық. Осы мақсатқа жету үшін төмендегідей міндеттерді белгілеп отырмыз:

1. Бүркіт Ысқақұлының қазақ пен татар әдебиетіне қатысты айтқан ойларына шолу жасау.
2. Әдебиеттанушы ғалым Б.Ысқақұлының ойларын отандық және шетелдік ғалымдардың пікірлерімен салыстыру.
3. Екі ел әдебиетінің тарихына қатысты тұжырымдар негізінде ортақ түйін шығару.

Зерттеу қазақ және татар әдеби байланыстарының теориялық негізін жүйелеуге және олардың тарихи дамуын әдебиеттанулық тұрғыдан тереңірек түсінуге ықпал етеді. Сонымен қатар, бұл зерттеу Бүркіт Ысқақұлының еңбектерінің қазіргі әдебиеттану ғылымындағы өзектілігін айқындауға мүмкіндік береді. Оның еңбектері түркі халықтарының әдебиетін кешенді түрде қарастырудың маңыздылығын көрсетіп, жаңа зерттеулерге негіз болады.

## МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

### Зерттеу дизайны

Бұл зерттеуде қазақ және татар әдеби дәстүрлерінің тарихи және көркемдік байланыстарын зерттеу үшін сапалық әдістер мен салыстырмалы мәтіндік талдауды қолданылған. Зерттеу екі мәдениеттің әдеби дәстүрлерінің эволюциясын олардың тақырыптық, идеялық және стильдік ұқсастықтарын анықтау арқылы қарастырады. Салыстырмалы талдау өзара байланыстардың қазақ және татар әдебиетінің дамуына қалай әсер еткенін, сондай-ақ олардың бірлескен әдеби өзара әрекеттесуін әлеуметтік-тарихи контекстер қалай қалыптастырғанын көрсетеді.

Зерттеу әдіснамасы әдеби мәтіндерді тарихи және идеялық өзгерістерді аша алатын мәдени артефактілер ретінде қарастырады. Зерттеу қазақ және татар әдебиеттерінің байланыстарын салыстырмалы тәсіл арқылы жан-жақты талдау жүргізу арқылы зерттейді. Негізгі мәтіндерді мұқият оқу ортақ баяндау құрылымдарын, жиі кездесетін тақырыптар мен идеялық жүйелерді, әсіресе ұлттық және мәдени сәйкестіктің қалыптасуы мен жаңғыру

үрдістерін терең талдауға мүмкіндік береді. Бұл әдіс зерттеушілерге әртүрлі тарихи кезеңдерге созылған әдеби ықпалдар мен диалогтардың үлгілерін анықтауға көмектеседі.

#### Деректерді жинау

Зерттеу бастапқы дереккөздерді қосымша материалдармен қатар пайдаланады, себебі олар әлеуметтік-саяси, мәдени және лингвистикалық өзгерістерді айқындауға мүмкіндік береді. Бұл кезеңде қазақ және татар әдебиеттерінің байланыстары туралы әдебиеттанулық еңбектерге шолу жасалды. Әсіресе, Бүркіт Ысқақұлының «Егіз жырлар», «Қазақ және Еділ бойы халықтары әдебиеттерінің идеялық-творчестволық байланысы», «Қазақ-татар әдеби байланысы» атты зерттеу еңбектері қарастырылды. Бұл еңбектердегі негізгі теориялық тұжырымдар мен деректер жүйеленіп, қазақ және татар әдебиеттерінің даму үдерісіндегі ортақ идеялар мен ерекшеліктер айқындалды. Бастапқы мәтіндер мақсатты іріктеу әдісімен таңдалып, олардың қазақ және татар әдеби дәстүрлері арасындағы маңызды тарихи дамуды бейнелейтіні расталды. Қосымша дереккөздерге әдеби сын, ғылыми монографиялар мен журнал мақалалары кіреді, олар қазақ және татар әдебиеттерінің тақырыптары мен стильдік қырларын теориялық тұрғыдан талдайды.

#### Іріктеу критерийлері

Әдеби мәтіндерді таңдау қазақ және татар әдебиеттерінің өзара байланысын тереңірек түсіндіретін ғылыми көзқарастарды ескереді. Зерттеу қазақ әдебиеттанушылары С. Негимов, Д. Қамзабекұлы және А. Үмбетова еңбектерін қарастырып, олардың әдеби байланыспен тарихи контекстті талдауға қосқан үлесін зерттеді. Бұл ғалымдар қазақ әдебиетінің өсуі мен идеялық әсерінің маңызды аспектілерін және оның татар әдеби мұрасымен байланысын талдайды. Сонымен қатар, зерттеуге халықаралық көзқарасты енгізу үшін Даниэль Росс еңбектері пайдаланылды, оның *Tatar Empire: Kazan's Muslims and the Making of Imperial Russia* атты кітабы [9] қазақ-татар әдеби және мәдени байланыстарын қарастырудың тарихи негізін ұсынады. Таңдалған ғылыми дереккөздер зерттеуге мықты теориялық негіз қамтамасыз етіп, кеңірек аймақтық және тарихи нарративтер арқылы әдеби өзара әрекеттесуді түсінуге мүмкіндік береді.

#### Деректерді талдау

Зерттеу қазақ және татар әдеби дәстүрлерінің жүйелі тақырыптық және стильдік байланыстарын зерттеу үшін салыстырмалы әдеби талдауды қолданады. Бұл әдіс зерттеушілерге әдеби ағымдар арасындағы қарым-қатынасты түсінуге, олардың ортақ тарихи, мәдени және саяси мәселелерді қалай қарастырғанын анықтауға мүмкіндік береді. Мәтіндерді егжей-тегжейлі талдау баяндау құрылымдары мен символикалық бейнелер арасындағы ұқсастықтарды көрсетіп, тақырыптық мәселелерді қарастырады. Сонымен қатар, зерттеу әдеби мәтіндерде ұлттық сәйкестікті қалыптастыру және оны отаршылдық пен постотаршылдық дискурстар арқылы бейнелеу тәсілдерін зерттейді. Қазақ және татар әдеби қайраткерлерінің әртүрлі тарихи кезеңдердегі тікелей және жанама байланыстары қарастырылады. Зерттеу тарихи және зияткерлік контекстерді талдау арқылы қазақ-татар әдеби және мәдени алмасуларының қалай дамығанын көрсетеді.

Құрылымдық деректерді талдау процесі зерттеуді тарихи кезеңдер мен тақырыптық элементтер бойынша жіктеуден бастайды. Салыстырмалы талдау қазақ және татар әдеби шығармаларында жиі кездесетін мотивтер мен баяндау әдістерін анықтауға көмектеседі. Анализ мәтіндерді бір-бірімен салыстырып, авторлардың ортақ мәдени және идеялық элементтерді қалай қолданатынын зерттейді. Мәтіндік сапалық кодтау әдісі зерттеушілерге негізгі заңдылықтарды жүйелі түрде анықтауға және оларды әлеуметтік-тарихи контекстте талдауға мүмкіндік береді. Зерттеу өз нәтижелерін академиялық әдебиеттердегі қолданыстағы түсіндірмелермен байланыстыра отырып, қазақ-татар әдеби байланыстарының толық әрі теңгерімді талдауын ұсынуды мақсат етеді.

#### Шектеулер

Зерттеу тек мәтіндік және салыстырмалы талдауға негізделген, сондықтан қазіргі заманғы әдебиеттанушылармен сұхбат немесе сауалнама сияқты эмпирикалық әдістер қолданылмады. Жинақталған мәтіндер қазақ және татар әдеби байланыстарының негізгі

үлгілерін көрсеткенімен, кеңірек зерттеуді қажет ететін кейбір шығармалар қарастырылмады. Сонымен қатар зерттеу тек жазба әдебиетке бағытталған, ал қазақ-татар мәдени байланыстарын кеңірек түсіну үшін ауызша дәстүрлер де маңызды болар еді.

## НӘТИЖЕЛЕР

Әдебиеттану ғылымында XX ғасырдың басында түркі тілдес әдебиеті ішінде әсіресе татар елінің бағыты, олардың өркендеу жолы бәрінен де биік тұрғандығы көп айтылады. Татар халқының әдебиеті сол заманда қазаққа да, башқұртқа да, өзбекке де, тәжікке де кең тарады.

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, филология ғылымдарының докторы Серік Негимов Б.Ысқақұлы жайлы жазған “Тауқыметті ғұмыр, тағдырлы жылдар” атты мақаласында: “Б.Ысқақовтың “Қарлығаш” поэмасы ертегі-аңыз желісімен жырланған және мұның негізі “Қарлығаштың құйрығы неге айыр, масаның тілі неге жоқ?” деген ел ертегісіне ұқсастығы бар. Асылы, бұл ертегінің бір нұсқасы Рабғұзидың “Қисасул-анбийа” жазбасында бар. Ақын осы бір сюжетті өзгертпей, сәл-пәл поэзиялық бояу үстемелеп, сәби санасына бейімдеген”, – деген еді [10, 138]. Демек, осы ой арқылы біз Бүркіт Ысқақұлының әдебиеттану ғылымында шығыс әдебиетінің зерттелуіне орасан зор үлес қосқан ғалымдардың қатарынан екенін түсінеміз. Оның айғағы “Орта Азия мен Қазақстанның ұлы ғалымдары”, “Сөнбес жұлдыздар” атты ұжымдық жинақтар. Бүркіт Ысқақұлы Омар Хайям, Әбіл-Бафа-әл-Бозжани, Рашид-ад-дин сияқты шығыс ойшылдарының еңбектері жайлы сөз қозғаған әдебиеттанушы.

Бүркіт Ысқақұлының еңбектерінде [7] қазақ және Еділ бойы халықтарының әдеби байланыстарының қалыптасуы мен даму үдерісі тарихи тұрғыдан жүйелі түрде талданады. Ғалым екі аймақтың мәдени және әдеби қатынастарының бастау көзін, олардың өзара ықпалдасуын зерттеп, бұл байланыстардың бірнеше ғасырлық тарихы бар екенін дәлелдейді. Оның еңбектерінде қазақ, татар, башқұрт ақын-жазушыларының шығармашылық өзара ықпалы, мәдени сабақтастығы, олардың көркемдік және идеялық үндестігі жан-жақты қарастырылады. Ғалым әдеби ықпалдастықтың тарихи-саяси жағдайлармен тығыз байланысты екенін негізге ала отырып, бұл байланыстарды төрт кезеңге бөліп қарастырады.

**Бірінші кезең – ортағасырлық түркі бірлігі.** Бұл кезеңде Қазақстан мен Еділ бойын мекендеген халықтардың көпшілігі ортақ түркі этно-мәдени кеңістігінің құрамында болып, біртұтас мәдени-әдеби дәстүр қалыптастырды. Түркі қағанаты, Дешті-Қыпшақ одағы және Алтын Орда дәуірінде екі аймақтың халықтары арасында экономикалық, саяси және мәдени байланыстар нығая түсті. Бұл кезеңде ортақ ауыз әдебиеті үлгілері мен жазба әдебиет ескерткіштері қалыптасып, олардың ортақ дүниетанымдық ерекшеліктері айқын көрініс тапты. Эпостық жырлар, діни-ағартушылық туындылар мен әдеби-философиялық шығармалар екі халықтың да мәдени мұрасында терең із қалдырды.

**Екінші кезең – Ресей империясының құрамындағы қазақ және Еділ бойы халықтарының тағдырлас кезеңі.** Бұл кезде тарихи оқиғалар екі аймақтың халықтарын ортақ мүдде аясында жақындастыра түсті. Отарлық саясат пен патшалық Ресейдің ықпалы күшейген кезеңде қазақ және татар әдебиеттерінің өзара байланысы жаңа арнаға түсті. Орыс мәдениетінің және әдебиетінің ықпалымен екі халықтың да көркемдік бағыттары өзгеріске ұшырады. Орыс классиктері А. С. Пушкин, М. Ю. Лермонтов, И. А. Крылов, Н. В. Гоголь, Л. Н. Толстой шығармалары қазақ және татар әдебиетіне ықпал ете бастады. Бұл ықпал татар әдебиетінде тез таралса, қазақ әдебиетіне оның әсері татар тілі арқылы жетті. Осы кезеңде татар баспасөзі арқылы қазақ ағартушылары орыс мәдениетімен және батыс әдебиетімен жете танысуға мүмкіндік алды.

**Үшінші кезең – XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы қазақ және Еділ бойы халықтары әдебиеттерінің жаңа даму кезеңі.** Бұл кезде татар әдебиеті ерекше қарқынмен дамып, басқа түркі халықтары үшін үлгі бола бастады. Ғ. Тоқай, Ғ. Әмірхан, М. Ғафури, Ғ. Ибрагимов сынды көрнекті татар әдебиетшілері түркі халықтарының әдебиеттерін еуропалық әдеби дәстүрлермен үндестіруге, олардың көркемдік деңгейін жаңа белеске көтеруге ықпал етті. Татар әдебиеті өзге түркі халықтарының, соның ішінде қазақ әдебиетінің

дамуына ерекше әсер етті. Қазақ, башқұрт, өзбек, қырғыз халықтарының өкілдері орыс әдебиетінің кейбір үлгілерін ең алдымен татар тіліндегі аудармалары арқылы танып-біліп, үйренді. Бұл әдеби көпірдің қызметін татар зиялылары атқарды.

**Төртінші кезең – Кеңес дәуіріндегі қазақ және Еділ бойы халықтарының әдеби байланыстары.** Кеңес билігінің орнауымен түркі халықтарының әдебиеті жаңа саяси-идеологиялық бағытқа бейімделді. Бұл кезеңде қазақ және татар әдебиеттері социалистік реализм әдісін қабылдап, ортақ идеологиялық бағдарға көшті. Кеңестік жүйе халықтар достығын дәріптеуді басты мақсат етіп қойғандықтан, қазақ және татар жазушылары арасындағы әдеби қарым-қатынас жаңа деңгейге көтерілді. Бірқатар қазақ жазушылары татар әдебиетінің тәжірибесін қабылдаса, татар қаламгерлері қазақ әдебиетінен үлгі алды. Осы кезеңде екі халықтың әдебиетінде ортақ тақырыптар: тарихи оқиғаларды жаңаша пайымдау, ұлт-азаттық күрес идеялары, еңбек адамының бейнесін сомдау, жаңашылдық пен дәстүр сабақтастығы ерекше көрініс тапты.

Б.Ысқақұлының зерттеулері қазақ және Еділ бойы халықтарының әдеби байланыстарының тарихи тамырын тереңінен ашып, олардың идеялық, көркемдік және стильдік үндестіктерін жүйелі түрде қарастырады. Ғалымның бұл бағыттағы зерттеулері қазақ әдебиетінің дамуына татар әдебиетінің ықпалын және керісінше қазақ әдебиетінің татар әдебиетімен байланысын терең түсінуге мүмкіндік береді. Осы зерттеу нәтижелері қазақ-татар әдеби байланыстарын одан әрі тереңірек қарастыруға және ортақ әдеби мұраны жаңа көзқараспен зерделеуге жол ашады [7, 25].

Қай кезеңді алып қарамасақ та, татар әдебиетінің күллі түркі елдеріне тигізер ықпалы орасан зор болды. Әдебиеттанушы ғалым Б.Ысқақұлы осы зерттеу еңбегінде әлемге танымал ең үздік лиро-эпостық жырлар мен батырлар жыры осы екі ел (қазақ пен татар) бір хандықтың қол астында болған дәуірде туындағанын ерекше атап, екі ел мәдениеті мен әдебиетіне ортақ мұра болғандығын атап өтеді. Ғалым Бүркіт Ысқақұлы екі ел әдебиетіне ортақ деген туынды шығармалардың кейбір мысалдарын біз төмендегі 1-кестеде көрсеттік:

Кесте 1. Б.Ысқақұлы зерттеулеріндегі қазақ пен татар әдебиетіне ортақ мұра

|                            | Қазақ әдебиеті                                                                                                                              | Татар әдебиеті                                |
|----------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------|
| <b>Мақал-мәтелдер</b>      | <p>Көз – қорқақ, қол – батыр.</p> <p>Ер жолдасы – тәуекел,<br/>Жатып қалғанша, атып қал.</p> <p>Бітер істің басына, жақсы келер қасына.</p> |                                               |
| <b>Ертегі</b>              | «Шомбай» ертегісі                                                                                                                           | «Шық бермес Шығайбай мен Алдар Көсе» ертегісі |
|                            | «Бай мен шаруа» ертегісі                                                                                                                    | «Хан мен тазша бала» ертегісі                 |
|                            | «Молда мен Мәзи» ертегісі                                                                                                                   | «Тапқыш» ертегісі                             |
| <b>Батырлар жыры</b>       | «Алпамыс батыр» жыры                                                                                                                        | «Алпамша» атты ертегі                         |
|                            | «Ер Тарғын» жыры                                                                                                                            |                                               |
| <b>Лиро-эпостық жырлар</b> | <p>«Қозы Көрпеш-Баян сұлу»</p> <p>«Жүсіп-Зылиқа»</p> <p>«Тахир-Зуһра»</p>                                                                   |                                               |

|  |                                                                   |
|--|-------------------------------------------------------------------|
|  | «Ләйлі-Мәжнүн»<br>«Сейфіл-Мәлік»<br>«Бозжігіт»<br>«Шәкір-Шәкірат» |
|--|-------------------------------------------------------------------|

Берілген мысалдар арқылы біз қазақ пен татар әдебиетінің өзара ұқсастығы мен байланысын аңғарамыз. Екі елдің де мақал-мәтелдерінде батырлық, ерлік, тәуекел ету, достық сияқты қасиетті ұғымдар көрініс табады. «Шомбай» мен «Шық бермес Шығайбай» ертегілерінің мазмұны ұқсас, екеуінде де сарандық пен қанағатсыздық әшкереленеді. Әлеуметтік теңсіздік мәселесі екі ел әдебиетінде де көрініс тапқанын байқаймыз. Екі елге ортақ батырлар жыры мен лиро-эпостық жырлардың түп-тамыры ортақ екенін аңғарамыз.

Ғалым С.Негимов: «Осылайша жоғарыда келтірілген мысалдардан біз түркі халықтарының, оның ішінде қазақ пен татар әдебиетінің көне мәдениетінің, тегінің бір болғандығын, олардың бастапқы нұсқаларының бір кезеңде пайда болғанын, бір қоғамдық дәуірде, бір әлеуметтік саяси-жағдайда жасалғанын байқаймыз. Қазақ елінің көптеген батырлар жыры мен лиро-эпостық жырлары қазақ пен татар бір кезде бірігіп, Ноғайлы одағын құрған кезде пайда болғандығын айтады», – деп тұжырымдайды [10, 27].

Екі ел Ресей империясының қол астында болған кезеңде әдебиеттің, мәдениеттің, өркениеттің ықпалы – түркі әлемінде ғана емес, сонымен қатар әлем әдебиеттану, тарих ғылымында да жан-жақты талқыланған тақырыптардың қатарынан. Аталмыш мәселені тарих профессоры Danielle Rossta сөз еткен. Шетелдік ғалым 2020 жылы Индиана штатының Университет баспасынан «Tatar Empire: Kazan's Muslims and the Making of Imperial Russia» (Татар империясы: Қазан мұсылмандары және Ресей империясының құрылуы) атты зерттеу еңбегін жариялады. Бұл еңбекте аталмыш ғалым Қазан татарларының Ресейдің оңтүстік Оралына, Батыс Сібіріне, қазақ даласына тигізген ықпалын өте жоғары бағалайды. Тарихи оқиғалардың салдарынан ұлттар арасындағы байланыс мәдениет, әдебиет, өнер саласында байланыс, үндестік тығыз болғандығын атап көрсетеді. Danielle Ross Ресей империясының қалыптасуына қатысушы болған Қазан Татарларын зерттей отырып, Ресей империясының жалпы құрылу тарихын Ресей мұсылмандарының тарихымен байланыстырады. Татар елінің әдебиеті арқылы Ресей империясы өзінің идеологиясын, өз мақсат-міндетін жүргізді деп есептейді. Татар мәдениетінің қазақ даласына таралуының бір келбеті – діни және білім беру мекемелерінің пайда болуы деп санайды. Осылайша алғашқы мектептер, медреселер пайда болғандығы жайында айтылады. Сол заманда “абыз” ұғымының “имам” ұғымымен алмастырылуы ерекше аталып өтеді. Осы құрылған білім беру орындары арқылы татар әдебиеті кең тарап, оның діни және рухани дүниетанымын қалыптастыруға өз септігін тигізді деп пайымдайды [9, 82].

Әдебиеттанушы ғалым Бүркіт Ысқақұлы да “XX ғасырдың басындағы татар әдебиеті өзімен көршілес, туысқан түркі тілдес әдебиеттерін тек тақырып, идея, мазмұн жағынан ғана байытып қойған жоқ, сонымен бірге бұларда проза, драматургия сияқты жаңа жанрлардың пайда болуына да ықпал жасады” деп атап көрсетеді [7, 98]. Бұл ойды шетелдік ғалым Danielle Rossta қолдайды. Татар империясына арнаған еңбегінде поэма жанрының қазақ әдебиетінде де кең етек жайылуына себеп болғанын атайды. Осы ретте Ғаблолла Тоқайдың қазақ әлеміне, күллі түркі әлеміне қосқан үлесі ерекше екендігін байқаймыз. Татар әдебиетінің қазақ әдебиетіне әсер етуінен ел арасында “Тоқайша жазу”, “Тоқайша жырлау” деген ұғымдар пайда болды.

XIX ғасырдағы қазақ пен татар арасындағы байланыстың бір көрінісі – ең алғашқы жаңа (жәдит) мектептерінің ашылуы. Ғалым Бүркіт Ысқақұлы бұл ретте аса көрнекті Шихабутдин Баһаут-дин-Маржаниды ерекше атап өтеді. Ғалым тарапынан Маржанидың діни схоластика тәртібін сынауы, надан байларды әшкерелеуі, діни фанатизмге қарсы күресі оң бағаланады. Бұл ғылыми дерек шетелдік тарихшы Danielle Ross атты ғалымның еңбегінде сөз етіледі. Маржани мен сол кезеңдегі білімге жауапты Дмитрий Толстойдың, ғалым Радловтың тәлім

алушылардың өз ана тілдеріне білім алуына, мектептегі пәндерден бөлек те басқа пәндерді игеруге қатысты ойларын келтіреді. Мәселен, Маржани тәлім алушылар мектепте негізгі пәндерден бөлек орыс тілін, педагогиканы да меңгеруі тиіс деп есептеген. Мектепке келген оқушы өз ана тілін, татар тілін, біліп, танып, оқып, үйреніп келуі тиіс деген талап қояды. Алайда бұл ұстанымды Д.Толстой мен Радлов аса құптамағандығын айтады Бұл мектептердің негізгі мақсаты - орыс тілінде білім беріп, орыстың білімі мен ілімін, мәдениетін, өркениетін мұсылман елдеріне таныстыру деп көрсеткен екен. Бұл мақсатқа жету үшін ана тілін білу деңгейі қажет емес деп бағалануы болса керек. Осы ретте Маржанидың Толстоймен, Радловпен түсініспеушілікке келуін мысал етіп көрсетеді [9, 98].

Осылайша бір тарихи кезеңді біз екітүрлі көзқарас тұрғысынан қарастырдық. Алайда екі бағыт та, екі ой да – татар мен қазақ елдерінің достығы, көне көршілестігі барлық түркі әдебиеті, әлем әдебиеті үшін өшпес мұра, таптырмас байлық екендігінің айқын дәлелі болмақ екенін байқаймыз.

Қазақ пен татар ағартушылары ішінен ғалым Бүркіт Ысқақұлы өзінің «Қазақ және Еділ бойы халықтары әдебиеттерінің идеялық-творчестволық байланыстары» еңбегінде Хусаин Фаизханов пен Шоқан Уәлихановтың, сондай-ақ Қаюм Насыри мен Ыбырай Алтынсариннің алатын орны ерекше деп бағалайды. Шоқан Уәлихановтың татардың атақты оқымыстысы Ш.Маржанимен таныстығын, өзінің Қашқария мен Жоңғарияға жасаған саяхатын Ш.Маржаниге жеткізу, кейін бұл мәліметтің Ш.Маржанидің еңбектерінде сөз етілуін баяндайды [7, 71].

Ыбырай Алтынсариннің ағартушылық әрі қайраткерлік болмысына Қаюм Насыриды ұқсатады. Екі тұлға да балалар үшін жаңа типті мектеп ашады, оларға арнап оқулық даярлайды. Қаюм Насыр тәрізді Ыбырай Алтынсарин де қазақ балалары үшін «Қазақ хрестоматиясын» (1879 жылы) жазады. Әдебиеттанушы ғалым Бүркіт Ысқақұлы екі ағартушы арасындағы ұқсас еңбектерді мысал ретінде келтіреді. Бұл төмендегі 2-кестеде ұсынылып отыр:

Кесте 2. Б.Ысқақұлы зерттеулеріндегі Ы.Алтынсарин мен Қ.Насырдың ұқсас идеялас еңбектері

| Ортақ ұғым | Қаюм Насыр еңбектері                                                       | Ы.Алтынсарин еңбектері                                                                     |
|------------|----------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------|
| Дәстүр     | «Қазан татарларының сенімдері мен ырымдары (1880 жыл)» этнографиялық еңбек | Орынбор қазақтарының өлген адамдарды жерлеу және оған ас беру дәстүрінің очеркі (1870 жыл) |
|            |                                                                            | Орынбор қазақтарының құда түсу, қыз ұзату және той жасау дәстүрлерінің очеркі (1879 жыл)   |
| Дін        | Отыз уағыз                                                                 | Шарайтіл ислам                                                                             |

Қазан революциясының жеңуі, Кеңес үкіметінің орнауы халықтар арасындағы достықпен қатар әдебиет мен мәдениеттің де ортақтасуына өз ықпалын тигізді. XX ғасырдың басында татар мәдениеті мен татар әдебиеті ерекше өркендеу жолында болды. Бұл кезеңде татар әдебиеті өзге түркі тілдес әдебиеттеріне ерекше ықпал етіп тұрған кезі еді деп бағалайды. Бүркіт Ысқақұлы өз еңбектерінде татар әдебиетінің қазақ әдебиетіне тигізер әсерін ерекше атап өтті. Мәселен, қазақ зиялыларының шығармашылығына татар әдебиеті, оның ішінде татар баспасөзінің ерекше ықпалын сөз етеді. “Шора”, “Уақыт”, “Жұлдыз” сияқты татар газет-журналдарында қазақтың да шығармашылығы көрініс тауып тұрды. Мұның барлығы қазақ пен татар елдері арасындағы тығыз қарым-қатынастың белгісі.

Қазақ және татар әдебиетінің байланысын зерттеу түркі әдебиетінің даму үрдістерін түсінуге көмектеседі және болашақ әдеби зерттеулерге негіз бола алады. Бүркіт Ысқақұлының

еңбектерінің маңыздылығы тек қазақ және татар әдебиеттері арасындағы байланыстарды айқындаумен шектелмейді, сонымен қатар жалпы түркі халықтарының әдебиетінің ортақ тамырын ғылыми тұрғыдан қарастыруға жол ашады.

## ТАЛҚЫЛАУ

Зерттеу нәтижелері екі ел арасындағы тарихи байланыстың өте терең әрі жан-жақты екенін дәлелдеді. Б.Ысқақұлының «Егіз жырлар», «Қазақ және Еділ бойы халықтары әдебиеттерінің идеялық-творчестволық байланысы», «Қазақ-татар әдеби байланысы» еңбектері негізінде қазақ пен татар әдебиетінің дамуы, қалыптасуы, өркендеуінде өзара ықпал ету, ортақ мәдени-рухани құндылықтардың алмасуы тән екені көрсетілді. Ғалымның докторлық диссертациясына арқау болған мәселе екі халықтың тағдырлас екенін айқын дәлелдеді.

Екі халықтың фольклорында кездесетін ұқсастықтар олардың мәдениетаралық байланыстарының тереңдігін көрсетеді. Бұл туралы Б. Ысқақұлының еңбектерінде де айтылады, сондай-ақ Ә.Жағыпар зерттеуінде екі халықтың тарихи даму жолдары мен әдеби байланыстарының бастауын Түркі қағанаты, Алтын Орда кезеңдерінен іздеу қажеттігін атап өтеді [11].

Бүркіт Ысқақұлы өз зерттеулерінде қазақ пен татар әдеби байланыстарының төрт тарихи кезеңін анықтайды: Түрік қағанаты, Дешті-Қыпшақ, Алтын Орда дәуірінде екі халық ортақ мәдени-рухани кеңістікте дамыған. Кейін Ресей империясының құрамына енген кезеңде татар әдебиеті қазақ даласына рухани, мәдени және білім беру саласы арқылы ықпал етті. XX ғасырдың басында Қазан төңкерісі қарсаңында татар әдебиеті қазақ әдебиетіне прогрессивті бағыт әкеліп, жаңа жанрлардың дамуына әсер етті. Кеңес дәуірінде екі халықтың әдеби байланысы социалистік идеология аясында жаңа бағыттарға ие болды.

Зерттеу нәтижелері татар әдебиетінің қазақ әдебиетіне тигізген ықпалын екі түрлі көзқарас тұрғысынан зерделеуге мүмкіндік берді. Бір жағынан, Б.Ысқақұлының зерттеулері арқылы қазақ пен татар әдебиетінің ортақ көркемдік дәстүрлері, шығармашылық байланыстары анықталды. Екінші жағынан, шетелдік ғалым Danielle Ross-тың басқа шетелдік ғалымдардың [12, 13] зерттеулері арқылы бұл әдеби байланысты саяси әрі тарихи контекстте қалай қалыптасқанын, мәдениетаралық ықпалы көрсетілді. Екі зерттеу бірін-бірі толықтырып, әдебиет пен тарихтың өзара үндестігін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында екі елге де ортақ әдеби мұраның (мақал-мәтел, ертегі, батырлар жыры, лиро-эпостық жырлар) кең етек жайғаны, олардың идеялық әрі мазмұндық ұқсастықтары байқалды. Ежелден көршілес, тамырлас болған екі елдің тарихы да, мәдениеті де, әдебиеті де бір бастаудан негіз алады деген құнды пікірі ғылыми ортада басқа да зерттеушілердің еңбектерімен расталатынын байқаймыз. Екі ел арасындағы байланыстың тығыздығы сонша, тіпті ақын-жазушылар өз туындыларын екі тілде де қатар жазған. Осылайша көркем шығарма екі елге ортақ болған. Мысал ретінде Қадырғали Қошымұлы Жалайри, Ахмет Оразаев-Құрмаши, Ақмолла, Әкрам Ғалымов сынды ғалымдарды ақын-жазушыларды келтіруге болады [7,269]. Б.Ысқақұлы Ахмет Оразаев пен Ақмолланың шығармашылығын ерекше әдеби құбылыс деп бағалайды. «Ахмет Оразаев жырларының кейбір шумақтары таза қазақ тілінде жазылғанын да атап өтеді:

*Ботасынан айрылған,  
Бұтағынан қайрылған.  
Анасынан айрылған,  
Қанатынан қайрылған.  
Енді қош сау болыңыз!  
Түйедей боздап қалдың сен,  
Құстай шулап қалдың сең,  
Гүлдей солып қалюың сен,*

Осы өлең шумақтары арқылы Ахмет Оразаевтың қазақ тілін жетік білгенін, қазақ тілінің лексика-грамматикалық категориясын, сөздер мен сөз тіркестерінің байланысу формалары мен тәсілдерін толық меңгергенін аңғарамыз [7,270].

Бұл ойды татар ғалымы Х.Ю.Миннегулов та растайды. Қазақ үшін Асан қайғы деп, татар үшін Хасан қайғы деп танылған, оған қоса Қадыр Әлібек, Ақмолла сынды жазушылар – қазақ пен татарға да ортақ қаламгер деп бағалайды [2,106].

Бұл байланыстың салдарынан екі ел арасында жаңа жанрлар туындап, жаңа шығармалар пайда болды, әлем әдебиетінің дамуына өз үлесін тигізді. Зерттеу барысында қазақ және татар әдебиеттерінің арасындағы байланыс тек көркемдік ұқсастықтармен ғана шектелмейтінін, сонымен қатар екі халықтың тарихи тағдырында маңызды рөл атқарғанын көруге болады. Қазақ және татар халықтарының мәдени қарым-қатынасы тек әдебиетпен шектелмей, ортақ білім беру жүйесі, медреселер, баспасөз және қоғамдық қозғалыстар арқылы қалыптасқанын атап көрсетеді. Бұл әсіресе XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында айқын байқалады. Осы кезеңде татар зиялылары қазақ даласында ағартушылық қызметпен айналысып, қазақ жастарының білім алуына ықпал етті. Бүркіт Ысқақұлы да өз зерттеулерінде татар әдебиетінің қазақ қоғамында білім мен ағарту саласына тигізген ықпалы туралы кеңінен сөз қозғайды. Татар мұсылмандық мектептері мен медреселерінде қазақ балалары оқып, осы арқылы татар әдебиетінен әсер алған қазақ қаламгерлері қалыптасты. Осыған байланысты Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы сияқты қазақ зиялылары татар әдебиетімен таныс болып, оның дамуын бақылап отырған.

Қазақ және татар әдеби байланыстарының беріктігін көрсететін тағы бір маңызды фактор – екі халықтың да шығармашылық интеллигенциясы репрессияға ұшырағаны. Ә.Жағыпар кеңестік қуғын-сүргіннің ұлттық әдебиеттердің дамуына кері әсерін тигізгенін атап өтеді [11]. 1930-1950 жылдары қазақ пен татардың көптеген ақын-жазушылары қуғындалды, олардың шығармалары цензураға ұшырап, ұлттық бірегейлікке бағытталған туындылар идеологиялық тұрғыдан сыналды. Бұл жағдай қазақ пен татар әдебиетінің дамуын тежеп қана қоймай, олардың өзара ықпалдастығының әлсіреуіне де ықпал етті. Дегенмен, Бүркіт Ысқақұлының зерттеулері көрсеткендей, екі халықтың әдеби байланыстары бұл қиындықтарға қарамастан жалғасып, рухани сабақтастық үзілмеді. Осы тұрғыда қазақ және татар әдебиеттерінің өзара ықпалдастығы кеңестік дәуірдің ауыр саяси жағдайларына қарамастан сақталып, бүгінгі күнге дейін жалғасын тауып отырғаны анық байқалады.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Бұл зерттеу жұмысының негізгі мақсаты әдебиеттанушы ғалым Бүркіт Ысқақұлының түркі әлеміндегі қазақ пен татар елдерінің әдебиеті мен мәдениеті арасындағы үндестігін зерттеу, сондай-ақ оның әлем әдебиеттануындағы маңызын көрсету болды. Ғылыми зерттеу жұмысын жүргізу барысында әдебиеттерге шолу жасау, салыстырмалы талдау, жинақтау әдістері кеңінен қолданылды. Негізгі еңбек ретінде Бүркіт Ысқақұлының докторлық диссертациясы – «Қазақ және Еділ бойы халықтары әдебиеттерінің идеялық-творчестволық байланыстары: (шығу тегі мен жолдары)» зерттеу жұмысы алынды.

Зерттеу барысында Б. Ысқақұлының еңбектері қазақ пен татар әдеби байланыстарын зерттеудің ғылыми-теориялық базасын қалыптастырғанын дәлелдей алдық. Ғалым өз еңбектерінде қазақ және татар әдебиетінің тарихи кезеңдеріне негізделген дамуын жүйелі түрде қарастырып, екі халықтың ортақ әдеби құндылықтарын саралаған. Оның тұжырымдары тек қазақ пен татар әдебиетімен шектелмей, түркі әлемінің әдеби сабақтастығын тереңірек зерделеуге бағытталған. Отандық ғалымдар түркі халықтарының әдеби байланыстарының тарихи тамырлары ортақ екенін атап өтеді. Бұл пікір Б. Ысқақұлының зерттеу нәтижелерімен үндеседі.

Зерттеу барысында анықталғандай, татар әдебиетінің қазақ әдебиетіне тигізген ықпалы тек көркемдік бағытта ғана емес, ағартушылық және мәдениетаралық байланыстар арқылы да көрініс тапқан. Кеңестік кезеңде қазақ пен татар әдеби байланыстары бірқатар идеологиялық шектеулерге ұшырағанымен, екі халықтың шығармашылық интеллигенциясы ұлттық болмыс пен тарихи сабақтастықты сақтауға күш салған. Осылайша, әдебиет тек көркем туынды жазу емес, сонымен қатар халықтың тарихи жадын сақтау құралы ретінде маңызды рөл атқарды.

Бүркіт Ысқақұлының ғылыми ойлары арқылы біз қазақ әдебиетінің дамуына татар әдебиетінің тигізген ерекше ықпалын аңғарамыз. Бұл екі елдің де рухани әрі мәдени байлығының дәлелі. Бұл ойды татар елінің ғалымы, ф.ғ.д., профессор Х.Ю. Миннегулов та растайды. Ол өзінің «О казахско-татарских литературных взаимосвязях и о Рымгали Нургалиеве» атты ғылыми мақаласында былай дейді:

*"Необходимо подчеркнуть, что казахские ученые много сделали на пути исследования взаимосвязей культур, в том числе по изучению казахско-татарских литературных взаимоотношений. В частности, в монографии Беркута Ыскакова «Казахско-татарские литературные связи» (1976, на казахском языке) приведено очень много интересных, поучительных фактов, сведений, относящихся к данному вопросу, в широком историческом плане, комплексно освещаются взаимосвязи казахов и татар" [2, 108].*

Зерттеу жұмысының нәтижелері қазақ және татар әдеби байланыстарының тереңдігін ғана емес, олардың түркі өркениетінің дамуындағы маңызды орнын көрсетеді. Әдебиет тек тілдік немесе көркемдік құрал ғана емес, тарихи және мәдени естеліктерді ұрпақтан-ұрпаққа жеткізудің басты тетігі екенін дәлелдейді.

Келешекте қазақ пен татар елдерінің әдебиеті, тарихы, мәдениеті тақырыбында жаңа архив деректерін зерттеу, әдебиеттанушы ғалым Бүркіт Ысқақұлының ғылыми мұрасын әлемдік әдебиеттану ғылымы тарапынан терең зерделеу қажет деп пайымдаймыз. Сонымен қатар, ғалымның шығармашылық әрі ғылыми мұрасын мектеп оқушыларына, колледж және университет студенттеріне қолжетімді ету үшін цифрлық форматта жинақтап, жариялау, насихаттау орынды деп есептейміз. Бұл бастама қазақ және татар әдебиеттерін кеңінен зерттеу мен түркі халықтарының мәдени мұраларын сақтау жолындағы маңызды қадам болмақ.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Ганиева, Р. К. Восточный Ренессанс и поэт Кул Гали. – Казань: Казан. ун-та, 1988. – 170 с.
- 2 Гайнуллин, М. Х. Татарская литература XIX века [Текст] / М. Х. Гайнуллин ; АН СССР, Казан. филиал, Ин-т яз., литературы и истории им. Галимджана Ибрагимова. – Казань: Татар. кн. изд-во, 1975. – 307 с.
- 3 Миннегулов, Х. Ю. О казахско-татарских литературных взаимосвязях и о Рымгали Нургалиеве [Электрон. ресурс]. – 2015. – URL: <https://tatarica.org/application/files/4816/4968/1907/Minnegulov.pdf> (дата обращения: 08.12.2024).
- 4 Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. – Алматы: Ана тілі, 1998, 384 бет.
- 5 Үмбетова, А. Қ. Бүркіт Ысқақовтың шығармашылық мұрасы. Автореф. дис. ... филол. ғыл. канд. – Астана, 2009. – 24 б.
- 6 Б. Ысқақұлы: тарихи-биографиялық басылым / Құраст. Жағыпар Ә. Б. – Қарағанды: TENGRI LTD, 2024. – 323 б.
- 7 Ысқақов, Б. Қазақ және Еділ бойы халықтары әдебиеттерінің идеялық-творчестволық байланыстары: (шығу тегі мен жолдары). – Алматы: Арыс, 2007. – 276 с.
- 8 Ысқақов, Б. Қазақ-татар әдеби байланысы: даму кезеңдері. – Алматы: Ғылым, 1976. – 175 с.
- 9 Ross, Danielle. Tatar Empire: Kazan's Muslims and the Making of Imperial Russia. – Bloomington, Indiana: Indiana University Press, 2020.
- 10 Негимов, С. Әдебиет әлемі. – Алматы: Ана тілі, 2008. – 253 б.

- 11 Жағышар, Ә. Б. Тұлғалар тағылымы және Бүркіт Ысқақұлы // Қарағанды университетінің хабаршысы. Тарих. Философия сериясы. – 2023. – №2 (110). – С. 119-131.
- 12 Liliya, Fattahova, Milyausha Khabutdinova, Ainur Mashakova, Luiza Zamalieva. Tatar-Kazakh cultural and literary connections at the beginning of the XXI century // Turkish Online Journal of Design Art and Communication. – 2017. – Vol. 7. – P. 859-865.
- 13 Sayfulina, F. S., Mingazova, L. I. Strategies for translating Tatar literature into Turkic languages: history and current state // Polylinguality and Transcultural Practices. – 2023. – Vol. 20, No. 4. – P. 659-672.

Материал 17.06.2025 баспаға түсті

### **Казахско-татарские литературные связи: на основе исследований Буркита Ыскакулы Ж.Ж. Аубакирова<sup>1</sup>, С.Б. Жұмағұл<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, 010000, Казахстан

*Литература любого народа не возникает и не развивается в отрыве от общества, вне его культурного, бытового и исторического контекста. Любая национальная литература тесно связана с культурой, образом жизни и историческими событиями определённого периода. В этом смысле научные идеи Буркита Ыскакулы играют важную роль в раскрытии взаимосвязи и созвучия казахской литературы с татарской литературой, с которой она издавна находилась в тесном контакте. В данной статье рассматриваются научные взгляды литературоведа Б. Ыскакулы относительно литературных связей между казахским и татарским народами.*

*Цель статьи – определить место научных идей Б. Ыскакулы о казахско-татарских литературных связях в контексте национального литературоведения. Учёный-литературовед не только отмечал историческое, культурное и литературное созвучие двух народов, но и научно обосновывал их взаимное влияние. В статье анализируются ценные мысли и важные труды Б. Ыскакулы, посвящённые изучению взаимодействия казахской и татарской литератур. Исследования учёного позволяют глубже осмыслить историческое, культурное и литературное единство двух народов, а также оценить духовные связи между ними.*

*В работе проведён обзор научных исследований Буркита Ыскакулы, их анализ, систематизация и обобщение, что даёт возможность определить их значимость в литературоведении. В процессе исследования использовались системный анализ, сравнительный метод, структурный и обобщающий подходы.*

*В качестве результатов исследования представлены конкретные примеры, научные факты и аргументы, свидетельствующие о тесных связях казахской и татарской литератур. Определены основные научные принципы и методы, применяемые при анализе столь сложной темы.*

*Ключевые слова: литературоведение, Буркит Ыскакулы, казахская и татарская литература, казахи Поволжья, литературное созвучие.*

### **СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ**

- 1 Ганиева Р. К. Восточный Ренессанс и поэт Кул Гали. – Казань: Казан. ун-та, 1988. – 170 с.
- 2 Гайнуллин М. Х. Татарская литература XIX века / АН СССР, Казан. филиал, Ин-т яз., литературы и истории им. Галимджана Ибрагимова. – Казань: Татар. кн. изд-во, 1975. – 307 с.
- 3 Миннегулов Х. Ю. О казахско-татарских литературных взаимосвязях и о Рымгали Нургалиеве [Электрон. ресурс]. – 2015. – URL: <https://tatarica.org/application/files/4816/4968/1907/Minnegulov.pdf> (дата обращения: 08.12.2024).

- 4 Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 б.
- 5 Үмбетова А. Қ. Бүркіт Ысқақовтың шығармашылық мұрасы. Автореф. дис. ... филол. ғыл. канд. – Астана, 2009. – 24 б.
- 6 Б. Ысқақұлы: тарихи-биографиялық басылым / Құраст. Жағыпар Ә. Б. – Қарағанды: TENGRI LTD, 2024. – 323 б.
- 7 Ысқақов Б. Қазақ және Еділ бойы халықтары әдебиеттерінің идеялық-творчестволық байланыстары: (шығу тегі мен жолдары). – Алматы: Арыс, 2007. – 276 с.
- 8 Ысқақов Б. Қазақ-татар әдеби байланысы: даму кезеңдері. – Алматы: Ғылым, 1976. – 175 с.
- 9 Ross D. Tatar Empire: Kazan's Muslims and the Making of Imperial Russia. – Bloomington, Indiana: Indiana University Press, 2020.
- 10 Негимов С. Әдебиет әлемі. – Алматы: Ана тілі, 2008. – 253 б.
- 11 Жағыпар Ә. Б. Тұлғалар тағылымы және Бүркіт Ысқақұлы // Қарағанды университетінің хабаршысы. Тарих. Философия сериясы. – 2023. – №2 (110). – С. 119-131.
- 12 Liliya Fattahova, Milyausha Khabutdinova, Ainur Mashakova, Luiza Zamalieva. Tatar-Kazakh cultural and literary connections at the beginning of the XXI century // Turkish Online Journal of Design Art and Communication. – 2017. – Vol. 7. – P. 859-865.
- 13 Sayfulina F. S., Mingazova L. I. Strategies for translating Tatar literature into Turkic languages: history and current state // Polylinguality and Transcultural Practices. – 2023. – Vol. 20, No. 4. – P. 659-672.

Материал поступил в редакцию журнала 17.06.2025

### **Kazakh-Tatar Literary Relations: Based on the Research ofBurkit Yskakuly**

Zh. Aubakirova<sup>1</sup>, S. Zhumagul<sup>1</sup>

<sup>1</sup>L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, 010000, Kazakhstan

*The literature of any nation does not emerge or develop in isolation from society, nor does it exist independently of its cultural, everyday, and historical context. Any national literature is closely connected to the culture, way of life, and historical events of a given period. In this regard, the scientific ideas of BurkitYskakulyplay a significant role in revealing the interconnection and resonance between Kazakh and Tatar literature, which have long been in close contact. This article examines the scholarly views of literary theorist BurkitYskakulyon the literary ties between the Kazakh and Tatar peoples.*

*The aim of this article is to determine the place of BurkitYskakuly'sscientific ideas on Kazakh-Tatar literary relations within the framework of national literary studies. The scholar not only highlighted the historical, cultural, and literary consonance between the two nations but also scientifically substantiated their mutual influence. The article analyzes the valuable ideas and significant works of BurkitYskakulydedicated to the study of Kazakh-Tatar literary interactions. Through his research, we gain a deeper understanding of the historical, cultural, and literary unity of these two nations and can better assess the channels of their spiritual connections.*

*The study provides an overview of BurkitYskakuly'sacademic research, its analysis, systematization, and synthesis, which allow us to establish its significance in literary studies. The research employs systematic analysis, comparative methods, structural analysis, and synthesis approaches.*

*As a result of the study, specific examples, scholarly evidence, and arguments demonstrating the close ties between Kazakh and Tatar literature are presented. The fundamental scientific principles and research methodologies applied in analyzing this complex topic have been identified.*

*Key words: literary studies, BurkitYskakuly, Kazakh and Tatar literature, Kazakhs of the Volga region, literary resonance.*

## REFERENCES

- 1 Ganieva R. K. VostochnyjRenessansi poet Kul Gali [Eastern Renaissance and the poet Kul Gali]. – Kazan: Kazan University, 1988. – 170 p. [in Russian].
- 2 Gainullin M. Kh. Tatarskayaliteratura XIX veka [Tatar literature of the 19th century]. – Kazan: Tatar Book Publishing, 1975. – 307 p. [in Russian].
- 3 MinnegulovKh. Yu. O kazahsko-tatarskihliteraturnyhvzaimosvyazyah o RymgaliNurgalieve [On Kazakh-Tatar literary relations and RymgaliNurgaliev]. Available at: <https://tatarica.org/application/files/4816/4968/1907/Minnegulov.pdf> (accessed 08.12.2024). [in Russian].
- 4 Ädebiettanu. Terminlersözdiri [Literary Studies. Dictionary of Terms]. – Almaty: Ana Tili, 1998. – 384 p. [in Kazakh].
- 5 Umbetova A. K. ByrkitYskakuly's literary heritage. PhD diss. – Astana, 2009. – 24 p. [in Kazakh].
- 6 Yskakuly B. Tarihi-biografiyalyqbasylm [Historical and biographical publication]. – Karaganda: Tengri LTD, 2024. – 323 p. [in Kazakh].
- 7 Yskakov B. Kazakh zhaneEdilboiykhalyktaryadebietterininideyalyk-tvorchestvolymbaylanystary: (shygutegi men zholdary) [The ideological and creative connections of Kazakh and Volga region literatures: Origins and paths]. – Almaty: Arys, 2007. – 276 p. [in Kazakh].
- 8 Yskakov B. Kazakh-Tatar adebibaylanysty: damukezenderi [Kazakh-Tatar literary connections: Development stages]. – Almaty: Gylym, 1976. – 175 p. [in Kazakh].
- 9 Ross D. Tatar Empire: Kazan's Muslims and the Making of Imperial Russia. – Bloomington, Indiana: Indiana University Press, 2020.
- 10 Negimov S. Adebiietalemi [The world of literature]. – Almaty: Ana tili, 2008. – 253 p. [in Kazakh].
- 11 Zhagypar A. B. TulgalartaglymyzhaneByrkitYskakuly [Lessons of personalities and ByrkitYskakuly], Karaganda University Bulletin. History. Philosophy Series, 110(2), 119-131 (2023). [in Kazakh].
- 12 LiliyaFattahova, MilyaushaKhabutdinova, AinurMashakova, Luiza Zamalieva. Tatar-Kazakh cultural and literary connections at the beginning of the XXI century. – Turkish Online Journal of Design Art and Communication. – 2017. – Vol. 7. – P. 859-865.
- 13 Sayfulina F. S., Mingazova L. I. Strategies for translating Tatar literature into Turkic languages: history and current state. – Polylinguality and Transcultural Practices. – 2023. – Vol. 20, No. 4. – P. 659-672.

Received: 17.06..2025

МРНТИ 17.82.31

DOI: [10.59102/kufil/2025/iss3pp206-219](https://doi.org/10.59102/kufil/2025/iss3pp206-219)

**Б.С. Байжігіт<sup>1</sup>, К.Р. Қазақбаева<sup>1</sup>, Ж.Т. Кадыров<sup>2</sup>, М.Т. Есмазова<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Таразский университет имени М.Х. Дулати, Тараз, 080000, Казахстан

<sup>2</sup>Северо-Казахстанский университет им. М. Козыбаева, Петропавловск, 150000, Казахстан

### **РЕЧЕВЫЕ ПЕРВЕРСИИ И ПОЛИФОНИЯ ПЕРЕВОПЛОЩЕНИЙ АВТОРА-ГЕРОЯ В РОМАНЕ А. КИМА «РАДОСТИ РАЯ»**

*Целью данного исследования является рассмотрение речевых перверсий и полифонии романа А. Кима «Радости рая» с абсурдистской и психоаналитической точки зрения. В сравнительном аспекте также анализируются романы А. Кима «Белка» и «Поселок кентавров», где можно проследить динамику кимовского персонажного ряда: от*